

## Мақсатты топтардан жұмыссыздарды жұмысқа орналастыру үшін әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру туралы

### *Күшін жойған*

Қарағанды облысы Бұқар жырау ауданының әкімдігінің 2009 жылғы 23 маусымдағы N 16/02 қаулысы. Қарағанды облысы Бұқар жырау ауданы Әділет басқармасында 2009 жылғы 14 шілдеде N 8-11-78 тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Бұқар жырау ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 02 маусымдағы N 14/06 қаулысымен

*Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Бұқар жырау ауданы әкімдігінің 2010.06.02 N 14/06 қаулысымен.*

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы " Қазақстан Республикасында жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес, мақсатты топтарға жататын жұмыссыз азаматтарды әлеуметтік қорғау мақсатында, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ауданның ұйымдары, кәсіпорындары, мекемелері Қазақстан Республикасының заңнамаларымен белгіленген тәртіпте, өкілетті орган тіркеуге қойған, мақсатты топтардан жұмыссыздарды уақытша жұмысқа орналастыру үшін әлеуметтік жұмыс орындарын құрсын.

2. "Бұқар жырау ауданы жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі:

1) әлеуметтік жұмыс орындарында жұмыс істеуге ниет қылған мақсатты топтардан жұмыссыз азаматтарды жұмысқа қабылдау және жұмысқа бағыттау жөніндегі жұмысты жүргізсін;

2) осы санаттағы азаматтарды жұмысқа орналастыру жөнінде жұмыс берушілермен шарттар жасау жөніндегі жұмысты жүргізсін;

3) әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастырудың тиімділігін, жасалған шарттардың орындалуын қадағалау жөнінде жұмыс жүргізсін;

4) әлеуметтік жұмыс орындарына жұмысқа орналасудың мониторингін жүргізсін;

5) мақсатты топтардағы жұмыссыздардың еңбекақы төлемі үшін жұмыс беруші шығынының өтемақысы Республикалық бюджеттен мақсатты трансферттер есебінен бір қызметкерге он бес мың теңге көлемінде жүргізілсін.

3. Әлеуметтік жұмыс орындары ұйымдастырылған жұмыс берушілер жұмыссыздардың еңбекақысын төлеуді мақсатты трансферттер қаржысынан,

шығындар өтемақысының есебімен жұмыс берушінің қаржысынан отыз мың теңге көлемде төлеуді қамтамасыз етсін.

4. Бұқар жырау ауданы әкімдігінің 2008 жылғы 15 шілдедегі N 17/03 "Мақсатты топтардан жұмыссыздарды жұмысқа орналастыру үшін әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру туралы" қаулысының күші жойылды деп танылсын (тіркеу нөмірі N 8-11-59, 2008 жылғы 30 тамыздағы N 35 аудандық "С а р ы а р қ а " г а з е т і ) .

5. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Асхат Сағадидұлы Әлиге жүктелсін.

6. Осы қаулы ресми жарияланғаннан бастап қолданысқа енгізіледі және осы 2009 жылдың 1 қаңтардан туындаған құқықтық қатынастарды қамтиды.

*Аудан әкімі*

*Е. Нашаров*